

## **БАСТАПҚЫ ҚАБЫЛДАУҒА (КОНСУЛЬТАЦИЯҒА), ТЕКСЕРІЛУГЕ ЖАЗЫЛУ ҚАҒИДАЛАРЫ.**

Пациентті дәрігерлердің амбулаториялық қабылдауына жазылуы тіркеу орны, ақпараттық терминал, интернеттегі [www/gp17.kz](http://www/gp17.kz) емхана сайты, колл-орталықтың бірыңғай (391-02-91) телефоны бойынша арқылы жүзеге асырылады.

Учаскелік терапевтке және дәрігер мамандарға амбулаторлық қабылдауға талон беру жеке тұлғаны куәландыратын құжаты болған кезде кезек тәртібімен тіркеу орнында жүзеге асырылады. Шұғыл көрсеткіштері болған жағдайда (ауыру синдромы, жоғары температура және т.б.) пациенттер құжаттарын міндетті түрде ұсынбай қабылданады.

Медициналық араласудың алдын ала қажетті шарты – қажеттілігіне қарай медициналық көмек көрсету нәтижесі, оның салдары, мүмкіндігіне қарай медициналық араласудың нұсқалары мен қатеріне байланысты әдістері және мақсаттары туралы толық ақпаратты медициналық қызметкер ұсынуы негізінде азаматтың немесе оның заңды өкілінің ақпараттандырылған ерікті келісімін беру болып табылады.

Медициналық араласуға немесе медициналық араласудан бас тартудың ерікті ақпараттандырылған келісім жазбаша түрде толтырылады, оған азамат немесе оның заңды өкілі мен медициналық қызметкер қол қояды және пациенттің медициналық құжаттамасында сақталады.

Маман-дәрігерлерді қабылдау алдын ала жазылу бойынша учаскелік дәрігер-терапевтің жолдамасы бойынша немесе науқастың жағдайын ескере отырып, жүгінген күні жүзеге асырылады. Кезектілік болған кезде, тиісті қызмет толық жинақталған жағдайда, консультацияны күту уақыты 10 жұмыс күнінен аспайды. Егер азаматтардың медициналық қызметті күту мерзімі шекті мерзімнен асып кетсе, кезектілік белгіленген тәртіппен белгіленеді. Күндізгі стационарда медициналық көмекті күтудің шекті мерзімі – бір айдан аспайды, "медициналық оңалту" бейіні бойынша - үш айдан аспайды.

Терапевт дәрігерге, жалпы тәжірибелік дәрігеріне жоспарлы түрдегі тәртіппен көмек алу үшін күту кезегі 5 жұмыс күнінен аспайды.

Үйде көрсетілетін медициналық көмек денсаулық жағдайының кенеттен күрт нашарлауы кезінде; емдеуші дәрігер ұсынған қатаң үй режимінің қажеттілігі; пациенттің жүріп-тұруы мүмкін болмаған кезде ауыр созылмалы аурулар кезінде жүзеге асырылады. Үйге шақыртуларды қабылдау колл-орталықтың (391-02-91) бірыңғай телефоны арқылы жүзеге асырылады. (жұмыс күндері 8-00-ден 18-00-ге дейін, сенбі күні 9.00-ден 14.00-ге дейін).

Учаскелік дәрігер шақырту түскен күні үйге барып медициналық көмек көрсетеді. Медицина қызметкерінің күту уақыты шақырылған сәттен бастап 8

сағаттан аспайды. Кезек күттірмейтін жағдайда медицина қызметкерінің күту уақыты шақырылған сәттен бастап 2 сағаттан аспайды.

Дәрігер-мамандардың үйге барып беретін кеңесі учаскелік терапевт тағайындауы бойынша жүзеге асырылады. Үйде көрсетілетін медициналық көмектің көлемін дәрігер айқындайды, оны орта медицина персоналы орындайды. ШЖҚ "№ 17 қалалық емхана"МКК терапевтері мен дәрігер-мамандарының жолдамалары бойынша диагностикалық қызметтер (клиникалық-диагностикалық зертхана, функционалдық диагностика бөлімшесі, рентген бөлімшесі, УД-зерттеу кабинеті және т.б.), қосалқы бөлімшелер (күндізгі стационар бөлімшесі, медициналық оңалту бөлімшесі, физиотерапия бөлімшесі, емдік дене шынықтыру кабинеті) пациенттерді қабылдайды.

Консультацияға немесе басқа емдеу мекемелеріне емдеуге жатқызуға жолдау қажет болған жағдайда пациентке белгіленген үлгідегі жолдама және амбулаториялық науқастың медициналық картасынан жазба көшірімі беріледі.